

Жоғары оқу орындарын мемлекеттік аттестациялау туралы Ережені бекіту

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Білім Министрлігінің 7 қазандағы 1993 жылғы N 427 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ведомстволық нормативтік актілерді тіркеу бөлімінде 1995 жылғы 13 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 48. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 13 тамыздағы N 554 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының "Жоғары білім туралы" Заңына сәйкес б ұ й ы р а м ы н :

1. Жоғары оқу орындарын мемлекеттік аттестациялау туралы Ереже б е к і т і л с і н (қ о с ы м ш а).

2. Жоғары білім бас басқармасы (Мухаметқалиев Т.М.) Республикалық ұйымдастыру-педагогикалық инспекциясымен (Икрамов К.И.) біріге отырып, 1993 жылдың желтоқсанының 01-не дейін жоғары оқу орындарын аттестациялауды жүргізуге байланысты мәселелер бойынша ұйымдастыру әдістемелік құжаттар дайындасын.

3. Қазақстан Республикасының білім министрлігінің 1992 жылы шілденің 2-де шығарған N 300 бұйрығының Жоғары оқу орындарын аттестациялаудан өткізетін бөлігі өз күшін жоғалтты деп есептелсін.

4. Аталған Ереже осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап күшіне е н г і з і л с і н .

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Министрдің орынбасары Е.Ө. Медеуовке жүктелсін.

Министр

Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы
Б і л і м	М и н и с т р л і г і н і н
1993 ж.	7.10. N 427 бұйрығымен
бекітілген	

Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарын мемлекеттік аттестациялау туралы Ереже Жалпы ережелер

1. Бұл Ереже Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарын, олардың ведомстволық бағыныштылығына және меншік түрлеріне қарамай мемлекеттік

аттестациялау (бұдан былай - аттестациялау) мақсатын, принциптерін, ұйымдастыру және жүргізу тәртібін анықтайды.

2. Жоғары оқу орындарына аттестациялау жүргізу мақсаты олардың беретін білімінің сапасын бағалау, оның мемлекеттік білім беру - кәсіби бағдарламаларға сәйкестігін анықтау, жоғары білімге мемлекет бөлетін бюджеттік қаржыларды ұтымды пайдалану, мамандар даярлау мен ғылыми зерттеулердің жоғары деңгейін қамтамасыз ету, жоғары оқу орындары ұжымдарының творчестволық белсенділігін ынталандыру, жоғары оқу орнының мемлекеттік мәртебесін (үлгісі мен түрін) анықтау, жоғары білімді мамандар дайындаудағы үйлесімділік жүйесін және құрылымын жетілдіру, жоғары оқу саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру және жүзеге асыру.

3. Аттестациялаудың шешетін негізгі мәселелері - жоғары оқу орындарының іс-қызметіне мемлекеттік бақылау жүргізу, олардың потенциалды мүмкіндіктеріне баға беру және осы мәліметтер негізінде, білімнің тиісті мемлекет стандарттарын қанағаттандыратын жоғары мектепте дайындалатын мамандардың біліктілігінің деңгейін анықтау.

4. Аттестациялаудың негізгі принциптері - оның мемлекеттік-қоғамдық сипаты, объективтілігі және міндеттілігі мен қайталанылуы. Аталған принциптердің жүзеге асырылуы төмендегі шарттардың орындалуы арқылы қ а м т а м а с ы з е т і л е д і :

- аттестация жүйесін жоғары мектебі басқарудың жалпы жүйесіне заңдастырылған негізде енгізу;

- аттестацияланатын бірыңғай объектілердің жұмысына қойылатын нормативтік талаптардың, аттестациялау тәртібі мен бағалаудың әдістемелік т ұ т а с т ы л ы ғ ы ;

- аттестацияланған оқу орны мәртебесінің сақталу мерзімін анықтау;

- жоғары оқу орнының жекелеген бағыттары бойынша дайындаған мамандарына мемлекеттік үлгідегі диплом беру құқы міндетті түрде әр мерзімде қ а й т а л а н ы п б е к і т і л у .

5. Аттестациялаудан барлық мемлекеттік жоғары оқу орындары етуге тиісті.

6. Мемлекеттік үлгідегі жоғары білім туралы құжаттарды беруге үміткер мемлекеттік емес оқу орындарын аттестациялау олардың Қазақстан Республикасы Білім министрлігімен жасаған келісім негізінде жүргізіледі.

Аттестациялауды ұйымдастыру және жүргізу тәртібі

1. Жоғары оқу орындарын аттестациялау Білім министрлігінің Жоғары білім Бас басқармасымен келісе отырып осы министрліктің жоғары оқу орындарын

аттестациялау жөніндегі мемлекеттік инспекция қарауында жоғары оқу орындары бар министрліктер мен ведомстволардың жоғары оқу орындарын басқару органдарының, мүдделес мемлекеттік, қоғамдық мекемелердің және Білім министрлігінің құрылым бөлімдерінің қатысуымен жоспарлы негізде кем дегенде бес жылда бір рет жүргізіледі.

Аттестация бағдарламасымен жоғары оқу орнының жұмысын рейтингтік бағалау жүйесін Білім министрлігінің жоғарыда айтылған инспекциясы жоғары оқу орындарының басқару органдарын, ассоциациялар мен оқу-әдістемелік бірлестіктерін қатыстыра отырып жасайды және оны жоғары білім бас б а с қ а р м а с ы б е к і т е д і .

2. Аттестациялау комиссиясы инспекцияның ұйымдастыруымен жоғары мектептің білікті ғылыми - педагогикалық қызметкерлерінен және оқу-әдістемелік бірлестіктерінің мүшелерінен құрылады. Комиссия құрамына мүдделі министрліктер, ведомстволар, ғылыми-зерттеу институттары, мекемелер , кәсіпорындар, қоғамдық мекемелер және жергілікті басқару орындары өкілдері к і р е д і .

3. Аттестациялау комиссиялары өз жұмысында Қазақстан Республикасының заңдарын. Білім министрлігінің нормативті актілерін, осы Ереже және аттестациялау бағдарламасын басшылыққа алады.

Аттестациялау комиссиясының нақты жоғары оқу орнында жұмыс істеу мерзімі, әдетте 20 күннен аспауы керек.

4. Аттестациялаудан өту жоспарында енгізілген жоғары оқу орындары Білім министрлігіне өзін-өзі аттестациялау материалдарын, кейін жүргізілетін мемлекеттік аттестацияның нәтижелерімен салыстыру, оларды талдау және жоғары оқу орнының потенциалын анықтау үшін, алдын ала тапсыру керек.

5. Жоспары түрде қайталанып жүргізілетін аттестациялауға байланысты шығындар, басқару органының осы мақсатқа әдейі арнап алдын ала белгілеуі бойынша, жоғары оқу орнының қаржы есебінен төленеді. Мәртебесін өзгерту үшін жоспардан тыс мемлекеттік аттестация жоғары оқу орнының қаржы е с е б і н е н жү р г і з і л е д і .

6. Аттестациялау комиссиясы өзінің жұмысының нәтижесі бойынша қорытынды дайындайды. Мұндай оқу орны іс-әрекеттерінің нақты нәтижелері анықталуға тиісті. Қорытынды бойынша жоғары оқу орнының ғылыми кеңесінің мәжілісінде мәлімет беріледі.

Аттестациялау туралы шешім қабылдау

1. Аттестациялау комиссиясының сараптау материалдары бойынша, Жоғары білім Бас басқармасы және жоғары оқу орындарын аттестациялау жөніндегі

Мемлекеттік инспекция мен бірге дайындаған ұсынысымен жоғары оқу орнын аттестациялау туралы шешімді Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің ал қ а с ы қ а б ы л д а й д ы .

2. Аттестациялаудан өткен жоғары оқу орнына Қазақстан Республикасы Білім министрлігі алқасының шешімі бойынша аттестацияланған жоғары оқу орны мәртебесі және осы министрліктің куәлігі беріледі.

Аттестациядан өтпеді деп танылған жоғары оқу орнының алдағы іс-әрекеттері жайында шешімді Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің ал қ а с ы қ а б ы л д а й д ы .

3. Аттестациялық сараптаудың ұйымдастырылуы, жүргізілуі және нәтижелері туралы даулы мәселелер белгіленген заң тәртібіне сүйене отырып шешіледі.

Ж о ғ а р ы б і л і м б а с

басқармасының бастығы